

**«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ жанындағы  
012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 013 – Пәндік  
мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 018 – Әлеуметтік педагогика  
мамандарын даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің  
Жобаларды басқару топтарының (ОӘБ-ЖБТ) «Балаларды ерте жастан дамытуда  
жайлы орта қалыптастырудың өзектілігі» тақырыбындағы Л.Н. Гумилев Еуразия  
ұлттық университетінің базасында өткен көшпелі аралас (онлайн/офлайн)  
отырысының**

**№2 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

Астана қаласы

18 сәуір 2025 жыл

**Модератор:** Жуманкулова Еркын Нурсагатовна - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Академиялық мәселелер жөніндегі проректор (Басқарма мүшесі), ОӘБ (ЖБТ) төрағасының орынбасары

**Қатысқандар саны:** 17 офлайн, 32 онлайн.

**1. Отырыста келесі мәселелер талқыланады:**

*Талқыланатын мәселелер / Спикерлер:*

1) «012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 018 – Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау бағыттары бойынша бағыттары бойынша кадрларды даярлау мәселесі». Қанай Гүлмира Әмірханқызы - Басқарма Төрағасы – Ректор, ОӘБ (ЖБТ) төрағасы;

2) «Алғы сөз»: ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрайымы - Көбенова Гүлзат Ісбасарқызы;

3) «Алғы сөз»: Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор - Бейсенбай Ардақ Бақытұлы;

4) «Алғы сөз»: ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш балабақшасы» ШЖҚ РМК директоры - Онланбекқызы Гүлшат;

5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және оны жүзеге асырудың жолдары» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 35670). Каратабанов Руслан Әділханұлы - Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті;

6) «012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау бағыттары бойынша тест спецификациялары. Ерсұлтанова Тұрсынкуль Серикбаевна - Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасының басқарма басшысы;

7) «Балабақшадағы балалардың әл-ауқатын арттыру». Дэниел Торрано, PhD, профессор, Лаура Ибраева – PhD – Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі жанындағы Білім берудегі инновациялар мен трансформациялар бойынша Орталық Азия зерттеу орталығының (CARCEIT) постдокторанты;

8) «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберіндегі білім беру ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етілуі. Дарубаева Айгүль Жұмағұлқызы - Жетісу облысы Панфилов ауданы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша ашылған Жаркент қаласы орта мектебінің директоры;

9) «Болашақ педагогтерді даярлаудағы дуальды білім беру тәжірибесі». Асылбекова Марзия Пазиловна - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Білім жоғары мектебі, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.;

10) «ҚР жоғары оқу орындарында инклюзивті ортаны қалыптастыру мәселесі». Жолдасова Карлыгаш Каримовна - ҚР ҒЖБМ жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының маманы;

11) «ЛЕГО технологиясы арқылы инклюзивті білім беруді дамыту». Жуманкулова Еркін Нурсағатовна - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор (Басқарма мүшесі), «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері;

12) «Инклюзивті мектеп: идеядан тәжірибеге дейін». Удуримова Шара Сабырқызы - Алматы қаласы Білім Басқармасына қарасты «№10 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

***Кеңейтілген мәжіліс қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер:***

1. ЖОО-ның білім беру бағдарламалары, силлабустарының мазмұны нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленсін («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, үлгілік бағдарлама т.б.);

- Білім беру бағдарламаларына келесідей пәндер енгізілсін: Бағалау, Instructional design, Curriculum Design, Classroom management;

- Мемлекеттік білім стандартында көрсетілген педагогикалық тәсілдер бойынша оқыту, мектеп бағдарламасындағы жана тақырыптарды тиісті пәндер мазмұнына енгізу ұсынылсын: Әсіресе, тіл мамандықтарының білім беру бағдарламалары бойынша білім беруді лексико-грамматикалық тәсілден коммуникативтік тәсілге қарай өзгеру керектігі ескерілсін;

2. «012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау бағыттары бойынша тест спецификацияларының мазмұнын, сапасын көтеру:

- тест спецификациясын мектепке дейінгі білім беру департаментімен, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен бірлесе құрастыру жүзеге асырылсын;

- Жас ерекшелік психологиясын тереңдетіп оқыту және Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау бағыттары бойынша тест спецификациясының мазмұнына тереңдетілген талдау жүргізу, Әлеуметтік педагогтердің педагог білімін бағалау тест тапсырмалары бойынша тапсыратын пәндерге өзгеріс енгізу үшін ҚР Оқу-Ағарту министрлігіне ұсыныс жасау қарастырылсын;

3. Балалардың әл-ауқатын арттыруға байланысты Д.Торраноның зерттеу тәжірибесі таратылсын. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларына баланы тамақтану, ұйқы және физикалық әл-ауқатын арттыруға байланысты пәндер енгізу және білім алушылардың зерттеу тақырыптарына енгізу ұсынылсын;

4. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберіндегі білім беру ұйымдарын кадрмен қамтамасыз ету бойынша ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына қосымша білім беру миноры енгізілсін (сертификат беру жүзеге асырылсын);

5. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің болашақ педагогтерді даярлаудағы дуальды білім берудегі тәжірибесі ЖОО-на таратылсын;

- ЖОО-на дуальды білім беру жүйесі енгізу және практикалық сабақтарды өндірісте жүргізуге тәжірибелі білім беру ұйымдарының педагогтері тартылсын.

6. ЖОО-да ерекше қажеттіліктері бар (тілдік, діни, әлеуметтік т.б.) студенттерді қолдауға жағдай жасалынсын;

7. Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі Жобаларды басқару топтарының бағыттары бойынша төмендегі оқулықтар РОӘБ-ЖБТ грифін алу және баспадан шығаруға ұсынылсын:

**012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағыты бойынша:**

- Бекмагамбетова Р.К., Жубандыкова А.М. «Домашнее образование и семейное воспитание»;

- Ли Е.Д., Агеева А.А. «Педагогика и психология раннего детства»;

**«013 – Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша:**

- Альдибекова Ш.Н. «Бастауыш мектепте дүниетану және жаратылыстануды оқыту әдістемесі»;

**«018 – Әлеуметтік педагогика» бағыты бойынша:**

- Кудайбергенова К.С. «Көшбасшылық» оқу-әдістемелік құралы.

**ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары,  
Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор (Басқарма мүшесі)**

**Хатшы**



**Жуманкулова Е.Н.**

**Ерзат Ж.**